

Құран және сүннет: құрамы мен мазмұны



Дайындаған: Айдашева Ж., Айдашева А.

Топ: ҚДС 1-001

Жоспар:


- ❖ Құран туралы жалпы түсінік
- ❖ Құран сөзінің шығу тегі
- ❖ Уахиддың басталуы
- ❖ Құран түсірілуінің сипаты
- ❖ Құранның жиналуының қысқаша тарихы
- ❖ Құранның мәтіні
- ❖ Сүрелер мен аяттар
- ❖ Сүннет, құрылымы

Құран немесе **Құран Кәрім**— Ислам дініндегі басты қасиетті кітап. Мұсылмандар оның Мұхаммед пайғамбарға ақиқатты баян ету үшін түсірілгендігіне, адамзатқа одан үзілместен жеткен Аллаһтың сөзі екендігіне сеніп, иман келтіреді. Оны оқу (тиләуәт) арқылы Аллаһқа құлшылық қылады. Құран Тәурат пен Інжілден кейінгі аспандық кітап ретінде және араб тіліндегі кітаптардың ішінде шешендік тұрғысынан ең байы саналады. Құран уахидың түскен жері мен уақытына байланысты меккелік және мединелік боп бөлінген 114 сүреден тұрады.



Мұсылмандар Құран Мұхаммед пайғамбар 40 жасқа жеткеннен бастап өліміне шейін (632 жыл/11 Һ.ж.) 23 жыл бойы Аллаһ тарапынан Жәбірейіл періште арқылы түсірілгеніне сенеді.

Мұсылмандар Құран Кәрімнің Аллаһ тарапынан Мұхаммед пайғамбарға түсірілген ақырғы қасиетті кітап екеніне иман келтіреді. Сондықтан олар Құранды тиләуәт етіп оқу, оны тыңдау, оған сәйкес амал ету адамды Аллаһқа жақындататын, жүрегін тыныштандыратын ғибадат екеніне сенеді. Олар Құранның олардың мәдениеті мен дәстүрінің бастауы екеніне, сол Құран арқылы олардың діни және дүнияуи өмірде дәуірлегеніне күмән келтірмейді.



Құран сөзінің шығу тегі

- «Құран» сөзі араб.: قرأ деген түбір сөзден шыққан, ал оның негізі «жинау» мағынасын беретін араб.: قرء сөзі. араб.: деген сөз «суды хауызға жинадым» деген мағына береді. Құранның бұлай аталу себебі, оның аяттар мен сүрелерді жинап, бір-біріне жалғастыруында.



Бірақ «Құран» сөзінің шығу тегі турасында басқа пікірлер де бар. Әш-Шафиги айтқан:

“Құран деген — есім, оның һамзасы жоқ және «қара'ту»-дан алынбаған, бірақ ол Аллаһ кітабының аты”.

ISLAMIC.PICS 

әл-Фарранның айтуы бойынша «ол қарāин (араб.: قرائن) (жұбайлар, достар; жекеше түрі: қарīна) сөзінен шыққан, себебі Құранның аяттары бір-бірін растайды және бір-біріне ұқсайды, міне сол „қарāин”.

● Алланың елшісі Мұхаммедтің пайғамбарлығы ол 40 жасқа толғанда басталып, келесі 23 жыл бойы өмірінің ақырына шейін созылды. Ол пайғамбарлық кезеңінің алғашқы 13 жылын Меккеде, қалған 10 жылын Медине қаласында өткізді.



Уахидың басталуы

- Уахи - Аллаһ тарапынан тікелей немесе елші арқылы пайғамбарларға білдірілген нақты хабар. Ең алғашқы уахи Мекке маңындағы Нұр тауындағы Хира үңгірінде дүйсенбі күні, 17, 21 немесе 24 рамазанда (милади күнтізбе бойынша 620 жылдың 10 тамызын) және шииттердің пайымдауынша Раджаб айының 27 жұлдызында түскен.



Аллаһтың елшісіне уахидың түсуі түсіндегі жақсы аяндардан басталды. Және ол аянды көргенде, олар таң шапағы сияқты келетін еді. Одан кейін оның жүрегіне оңашалануға деген сүйіспеншілік орнатылды да, ол отбасына қайтқысы келгенше Хира тауындағы үңгірде Аллаһқа құлшылық ету арқылы көп түндер бойы салихалы амалдар жасап, оңашалана бастады.

- Бірінші аяннан кейін Мұхаммед пайғамбарға біршама уақыт бойы уахи түспейді. Кейбір ғалымдар бұл үзіліс үш жылға созылды дейді. Уахидың түспеуі деген Құранның аяттарының түспегенін білдіреді.
- Джабир ибн Абдуллаһтан келген хадисте Пайғамбар айтқан:

Бірде мен жолда келе жатып аспаннан дауыс естідім. Мен басымды көтеріп, маған Хира тауында келген періштенің аспан мен жердің арасында тақ үстінде отырғанын көрдім. Мен одан қорықтым да, үйіме қайтып: «Мені орандар, мені орандар» дедім. Содан кейін Аллаһ «Йә оранған! Тұр да ескерт! Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазала! Және жамандықтан аулақ бол!» (Муззәммил сүресі) деген аяттарды түсірді. «Сахих әл-Бұхари» (4), «Сахих Муслим» (161)

Бұл аяттар Хира үңгіріндегі Аләк сүресінің алғашқы аяттарынан кейінгі алғашқы аян болды.

Мұхаммед пайғамбардың Меккеде өмір сүрген 13 жылда 83 немесе 85 сүре түскен, олардың ең алғашқысы Аләк сүресі, ал ең соңғысы әл-Муминун немесе әл-Анкәбут сүресі саналады.

Құрайыш тайпасының қысымы төзімсіз болып кеткесін Мұхаммед пайғамбар Ясриб қаласына һижра жасауға мәжбүр болады. Содан бері ол қала Медине деп аталатын болды. Мединеде түскен сүрелер саны 31 немесе 29 сүре деп есептеледі. Мединеде түскен алғашқы сүре әл-Мутаффифин сүресі, ал соңғы сүре Тәубе сүресі болды.

Құран түсірілуінің сипаты

Уахи Мұхаммед пайғамбарға Аллаһтан әртүрлі сипатта келетін болған. Ең алғашқы аяндарды ол түсінде көріп, олар таңның атуы секілді орындалатын болған. Уахидың бұл түрі оған пайғамбарлық міндеті жүктелмей тұрып келген.

Уахидың екінші кейіпі — иландыру. Жәбірейіл періште уахиды Мұхаммед пайғамбарға иландырып, ол оның ақылы мен жүрегіне жететін болған.

Үшінші түрі — періштенің адам кейпінде келіп, Аллаһтың аянын жеткізуі. Оның мысалы ретінде Омар ибн әл-Хаттабтан имам Муслим келтіретін «Жәбірейіл хадисы» деген атпен танымал хадис. Ол хадисте Жәбірейіл періштенің Мұхаммед пайғамбарға аппақ киім киген, қара шашты ер адам түрінде келгені туралы айтылған.

Төртінші түрі — періштенің қоңыраудың үні сияқты дауыспен бірге келуі.

Бесінші түрі — Жәбірейілдің шынайы түрінде келуі. Бұл Мұхаммед пайғамбардың өмірінде екі рет болған.

Алтыншы түрі — Аллаһтың ешбір делдалсыз Мұхаммед пайғамбарға тікелей аян беруі. Бұған мысал ретінде бес уақыт намаздың парыз болған кезін айтуға болады

Жетінші түрі — Мұхаммед пайғамбардың Аллаһпен жамылғының артынан тікелей сөйлесуі. Бұл секілді Мұса пайғамбар да Аллаһпен сөйлескен.

Құранның жиналуының қысқаша тарихы

- Қасиетті Құран Мұхаммед пайғамбарға 23 жыл бойы үзік-үзік болып түсірілген — бұл оның бірден түсірілген басқа қасиетті кітаптардан айырмашылығы боп табылады. Пайғамбарға аят түскен сайын, ол қасындағы хатшы сахабаларға оларды оқитын болған. Олардың саны қырыққа дейін жетіп, тіпті пайғамбарлықтың ең ауыр кезеңінде де олар Пайғамбардың қасында жүріп, Құранды жазуды тоқтатпаған.
- Меккедегі Құранды ең бірінші болып жаза бастаған адам Абдуллаһ ибн Сағд ибн Сарх болған. Ал Мединеде ең бірінші жаза бастаған адам Убәй ибн Кағб болған. Құранды хатқа түсірушілердің ішінде Әбу Бәкр, Омар ибн әл-Хаттаб, Осман ибн Аффан, Әли ибн Әбу Талиб, әз-Зубайр ибн әл-Аууам, Халид ибн Сағид ибн әл-Ас және т.б. болған

Құранның мәтіні

- Құран кітабы басқа әдебиеттерден «кіріспе» немесе «негізгі бөлім» деген әдеттегі бөліктерден құралмаған, тізбекті емес, тармақталған құрылымнан тұрады. Сонымен қатар Құрандағы сүрелер мен қиссалар біріне-бірі ерген түрде келмеген, аралары үзік. Сахабалар мен олардың ізбасарлары Құран Кәрімді Рамазан айында хатым етуді (яғни толықтай оқып шығу) жеңілдету үшін оны айдың отыз күніне сай келетіндей бірдей бөліктерге (джуз немесе *пара*) бөлген.

Джуз нөмірі	Бастапқы аяты	Құрамына кіретін сүрелері
1	әл-Фатиха, 1 аят	әл-Фатиха, әл-Бақара
2	әл-Бақара, 142	әл-Бақара
3	әл-Бақара, 253	әл-Бақара, Әли Имран
4	Әли Имран, 92	Әли Имран, ән-Ниса
5	ән-Ниса, 24	ән-Ниса
6	ән-Ниса, 148	ән-Ниса, әл-Мәида
7	әл-Мәида, 83	әл-Мәида, әл-Анғам
8	әл-Анғам, 111	әл-Анғам, әл-Ағраф
9	әл-Ағраф, 88	әл-Ағраф, әл-Анфәл
10	әл-Анфәл, 41	әл-Анфәл, әт-Тәубә
11	Тәубә, 94	Тәубә, Юнус, һуд, Юсуф
12	Юсуф, 6	Юсуф
13	Юсуф, 53	Юсуф, әр-Рағд, Ибраһим
14	әл-Хиджр, 1	әл-Хиджр, ән-Нахл
15	әл-Исра, 1	әл-Исра, әл-Кәһф

Джуз нөмірі	Бастапқы аяты	Құрамына кіретін сүрелері
16	әл-Кәһф, 75	әл-Кәһф, Мәриям, Таһа
17	әл-Әнбия, 1	әл-Әнбия, әл-Хаж
18	әл-Муминун, 1	әл-Муминун, Нур, әл-Фурқан
19	әл-Фурқан, 21	әл-Фурқан, әш-Шуғара, ән-Нәмл
20	ән-Нәмл, 56	ән-Нәмл, әл-Қасас, әл-Анкәбут
21	әл-Анкәбут, 46	әл-Анкәбут, Рум, Лұқман, әс-Сәждә, әл-Ахзаб
22	әл-Ахзаб, 31	әл-Ахзаб, Сәбә, Фатыр, Ясин
23	Ясин, 28	Ясин, әс-Саффат, Сад, әз-Зумар
24	әз-Зумар, 32	әз-Зумар, Ғафир, Фуссиләт
25	Фуссиләт, 47	Фуссиләт, әш-Шура, әз-Зухруф, Духан,
26	әл-Джәсия, 33	әл-Джәсия, әл-Ахқаф, Мұхаммед, әл-Фатх, әл-Хужурат, Қаф, әз-Зарият
27	әз-Зарият, 31	әз-Зарият, әт-Тур, Нәжм, әл-Қамар, әр-Рахман, әл-Уақиға, әл-Хадид
28	әл-Муджадалә, 1	әл-Муджадалә, әл-Хашр, әл-Мумтахинә.
29	әл-Мулк, 1	әл-Мулк, әл-Қалам, әл-Хаққа, әл-Мағариж,
30	ән-Нәбә, 1	ән-Нәбә, ән-Назигат, Абәсә, әт-Тәкуир,

Сүрелер мен аяттар

- Құран «сүре» деп аталатын ұзындығы әртүрлі 114 бөліктен тұрады. Олардың орналасқан ретінің түсу тарихына қатысы жоқ — ертерек түскен сүрелер Құранның аяқ жағында да келуі мүмкін. Өз кезегінде бұл сүрелер түсу мерзіміне байланысты меккелік сүре және мединалік сүре деп екіге бөлінеді. Меккелік сүре дегеніміз Мұхаммед пайғамбардың хижрасына дейін аян етілген сүрелер, ал мединалік дегеніміз оның Медине қаласына қоныс аударуынан кейін түскен сүрелер.

Ұзындығы жағынан ғалымдар сүрелерді бірнеше түрге бөледі.

Жеті ұзын сүресі	Тәубә сүресі	Мәсәни	Екі жүз аяттық сүрелер
Бұған әл-Бақара сүресі, Әли Имран сүресі, ән-Ниса сүресі, әл-Мәида сүресі, әл-Анғам сүресі, әл-Ағраф сүресі және Тәубә сүресі жатады.	Одан басқа Құранның барлық сүре «басмаламен», яғни «бисми-Лләһ әр-Рахман әр-Рахим» деген сөзбен басталады. Тәубә сүресінің басмаламен басталмау себебін ғалымдар әртүрлі түсіндіреді. Біреулердің пайымдауынша бұл сүреде екіжүзділерге қарсы айтылған ескерту болғасын басмаласыз басталған, себебі араб халқында тайпалар арасындағы келісімді бұзу үшін хат жібергенде оған басмала жазбайтын болған.	Екі жүз аятқа жетпеген басқа сүрелер	Аят саны екі жүзден асатын сүрелер.

Муджаһид: 321,180 әріп

әл-Хәджадж ибн Юсуф
жинаған хафиздар мен
ғалымдардың жиыны:
340,740 әріп.

Әбу Хамид әл-Ғазали:
77,200 сөз

Құран сөздері мен әріптерінің сандары туралы мұсылман ғалымдарының бірнеше пікірі бар, себебі Ислам дінінің бастапқы кезеңінде араб жазуы жаңа тұрақтана бастағаннан соң кей ғалымдар әріп деп санаған белгілерді басқалары әріп деп есептемеген, сондықтан сандар арасындағы қайшылықтар туған.

Ата ибн Ясар: 77,439

әл-Фадл ибн Ата: 323,015

Әбу Хамид әл-Ғазали
«Ихйа улум әд-дин»
кітабында: 321,250 әріп

Ибн Касир: 320,015 әріп

Сүннет

Бастапқыда Құранды түсіндіру Мұхаммед пайғамбардың Сүннеті арқылы, яғни оның белгілі бір аяттарға қалай амал еткені, оларды қалай түсіндіргені туралы хадистермен және оның ең жақын сахабаларының сөздерімен жүзеге асты.

PICS 

● **Сүннет** (арабша سنة *суннат*) - Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) сөзі, әрекеті және тақриры (шешімі) деген сөз. Құранда Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) бойұсыну бұйырылады. Сүннет - парыз бен уәжіптен бөлек, Пайғамбар (с.а.у.) жасаған және жасауды насихат еткен іс-әрекеттер.

Сүннет үшке бөлінеді:

Мүәккәд Сүннет (бекітілген сүннет)	Ғайри мүәккәд Сүннет (бекітілмеген сүннет)	Зәуәид Сүннет (артық сүннет)
<p>Пайғамбардың (с.а.у.) үнемі орындап, кейде орындамаған Сүннеттері. Мысалы, таң, бесін, ақшам намаздарының Сүннеттері. Осы Сүннеттерді орындаған сауапқа кенеледі. Орындамаған адам жаза берілмесе де, айыпталады.</p>	<p>Пайғамбардың (с.а.у.) кейде жасап, кейде жасамаған Сүннеттері. Намаздыгер мен құптан намазының алғашқы Сүннеттері осыған жатады. Осы Сүннеттерді орындау сауапты, ал орындалмаса, күнә жоқ.</p>	<p>Осы Сүннеттер Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілік үшін орындалса, сауабы көп, орындалмаса күнәсі жоқ. Факихтер осы негіздегі бұйрықтардан Хазірет Пайғамбардың (с.а.у.) Сүннеттеріне бойұсынудың қажет екендігін түсіндірген, осылайша Сүннет Кұраннан кейінгі екінші түпдеректі қалыптастырған.</p>

ауызша
Сүннет

Сүннет
құрылымы
тұрғысынан
бөлінеді:

тақрири
Сүннет

іс-әрекеттік
Сүннет

- *Ауызша Сүннет* - Хазіреті Пайғамбардың (с.а. у.) сөздері, ол хадис деп аталады.
- *Іс-әрекеттік сүннет* Хазіреті Пайғамбарлық (с.а.у.) орындаған іс-әрекеттерін білдіреді.
- *Ал тақрири сүннет* Хазіреті Пайғамбардың (с.а.у.) көрген ісі төңірегінде үндеместен, оны мақұлдағанын көрсетеді.



Риуаят түріне қарай Сүннет үшке бөлінеді:

Ауызша Сүннет

Ауызша Сүннет

Мәшхүр Сүннет


Мәшхүр Сүннет

Ақал Сүннет (хабар-и-уахид)

Ақал Сүннет (хабар-и-уахид)

ISLAMIC.PICS

СӨЗЖҮМБАҚ



ISLAMIC.PICS 

Назарларыңызға
рахмет!